



■ БҮГІН – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!

АТА ЗАҢЫМЫЗ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ



Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы және құқықты ел ретінде айқындайтын басты құжат – Конституция. Ата заң барлық құжаттың қайнар көзі, бастауы болып табылады. Бүкіл халықтық референдумда кең байтақ Қазақстан халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елмен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екенін танытты.

Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының Ата заңы өмірге келді. Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата заңның алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Бұл – мемлекетімізде адам мен оның

өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі. Еліміздің Ата заңы – халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат пашаына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат.

2 БЕТТЕ

■ МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Елімізде ұлттық құндылықтарды, үлгілі отбасыларды насихаттауды мақсат тұтқан дәстүрлі «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық кезеңі өз мәресіне жетті. Апта басында «Достық» үйінде ұлттық байқаудың облыстық кезеңіндегі жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН БАЙҚАУ

Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды құттықтап, ұлттық құндылықтардың түп-тамыры саналатын отбасы институтының орны ерекше екенін атап айтты.

– Әуелден отбасы құндылығына аса мән берген қазақ үшін Отан, шындық – ең киелі, күдіретті ұғым. Ал отбасы – мемлекеттің іргетасы. Оның берік әрі нық болуы – елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әлауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды», – деген болатын. Бүгінде отбасыларға қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдем-ақылар көлемі жыл сайын өсуде. Қазір облысымызда 17 мыңға жуық «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлері, 34 мыңға жуық көпбалалы отбасы бар. Ай сайын 2 млрд 484 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы төленуде, – деді аймақ басшысы.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша шиелілік Асановтар мен қармақшылық Көбеевтер жүлделі ІІІ орынды, Қазалы ауданынан қатысқан Бөлебаевтар әулеті ІІ орынды иеленді. Сырдария ауданының Үмбетбаевтар отбасы І орын иемденсе, қазалылық Смағұлұлар отбасы бас жүлдені иеленді.

Жеңімпаз отбасының мәуелі бәйтерегі Қабақ Смағұлұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері. Қан майдандағы ерлігі үшін түрлі деңгейдегі ордендермен марапатталған. Соғыстан кейін 40 жыл қаржы саласында еңбек етіп, Қазалы ауданының Құрметті азаматы атанған. Он бала тәрбиелеген Қабақ ақсақалдың 22 немере, 32 шөбере, 2 шөпшегі өсіп келеді.

Айта кетейік, биыл байқауға өңірімізден 304 отбасы өтінім білдірген. Қала және ауданда байқау ережесіне сәйкес келетін 16 отбасы іріктеліп, облыстық кезеңге өтті. Комиссия мүшелері 11 отбасыны іріктеп, оларға жүлделі орындар мен номинациялар тағайындады. Бас жүлдеге ие болған отбасының құжаттары енді республикалық кезеңге жолданады. Елорда төрінде өтетін сайыста да сырбойылықтардың мерейі үстем болғай!

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖУРНАЛИСТІ ДЕ ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ КЕРЕК



Осыдан біршама уақыт бұрын қазіргі Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің «Қазақ журналистикасы, қазақ басылымдары шынында ұлттық қозғалыстың, ұлттық партияның ролін атқарып келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық мәселелер, шын мәнінде, негізінен қазақ журналистикасы арқасында күн тәртібіне қойылды. Қазақ басылымдарында осы уақытта тіл мәселесі, дін мәселесі, жер мәселесі, латын қарпі, жалпы өзекті мәселелердің барлығы қайтадан көтерілуінің арқасында ғана ел назарынан түспей отырды. Тақырыптың әрдайым көтеріліп отыруының нәтижесінде ғана ол мәселелер шешімін тауып жатты. Ол шын мәнісінде белгілі бір күштердің немесе саяси ұйымдардың емес, қазақ басылымдарының беттерінде көрініс табуынан болды», – дегені бар еді.

3 БЕТТЕ

Абай күйші болған ба?

Қазақ елінің ұлы тұлғасының бірі – хакім Абай. Ақын өз заманында өнерін халыққа паш еткен жан. Жастайынан бастап өлең шығарып, ән шырқап, шығарма жазған Абай атамыз күйші болған ба? Абайдың әндерін білмейтін қазақ жоқ, ал күйді де өзінің жанынан шығарғанын біреу білсе біреу білмес.

Қолдағы деректерге сүйенсек, Абай атамыздың «Май түні», «Майдақоныр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» атты төрт күйі бізге жетіп отыр. Мамандардың айтуынша, бұл күйлердің бәрі үш ішекті домбырамен жазылып, орындалған.

4 БЕТТЕ

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ – БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Кеше Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен үкімет отырысы өтті, деп хабарлайды primeminister.kz. Жиында Қазақстанның 2024–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ республикалық бюджеттің және Ұлттық қордан 2024–2026 жылдарға арналған трансферттердің параметрлері қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров республиканың даму болжамы халықаралық қаржы ұйымдарының әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжамдарын, сыртқы нарықтардағы конъюнктураны ескере отырып, қалыптастырылғанын атап өтті. Барлығы үш сценарий қаралып жатыр – базалық, оптимистік және пессимистік.

Елдің бас экономисінің сөзіне сенсек, базалық сценарий кезінде мұнайдың орташа бағасын барреліне \$80 деңгейінде алу ұсынылады. Болжам бойынша 5 жыл ішінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 5,8%-ды құрайды. Инфляция 2024 жылы 6-8%, 2025 жылы 5,5-7,5% деңгейінде айқындалды, кейіннен 2026–2028 жылдары 5%-ға дейін төмендейді. 2024 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 5,3%-ды құрайды, кейін 2028 жылы 6%-ға дейін өседі. Номиналды ЖІӨ 2024 жылғы 135 трлн теңгеден 2028 жылы 218,5 трлн теңгеге дейін өседі.

Жалпы экономиканың барлық базалық саласында өсім күтілуде. Мәселен, өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқыны 4%-ды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 4,9%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде 3,1%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің орташа жылдық өсімі 4,5%-ды құрайды. Құрылыс саласындағы өсім болжам бойынша орта есеппен 8,8%-ды, саудада 7,4%-ды құрайды.

Алдағы жылы экспорт көлемі \$83,1 млрд-тан 2028 жылы \$94,8 млрд-қа дейін ұлғаяды, импорт \$60,7 млрд-тан \$65,6 млрд-қа дейін өседі деп күтілуде.

Отырыста 2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы да қаралды. Бұл бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев баяндама жасады. Оның айтуынша, 2024 жылы түсімдер 20,4 трлн теңге деңгейінде болжануда, ал шығыстар 2023 жылға қарағанда, 1,5 трлн теңгеге өсіп, шамамен 24 трлн теңгеге дейін ұлғаяды деп жоспарлануда. Бюджет шығыстарының негізгі үлесі әлеуметтік салаға тиесілі.

Келесі жылы Ұлттық қордан 3,6 трлн теңге көлемінде трансферттер тартылатын болады. Бұл қаражат әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жұмсалады. Бұл автожолдарды, жылу, газ және сумен жабдықтау желілерін, инженерлік желілерді жаңғыртуға, сондай-ақ «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобалары аясында әлеуметтік нысандар салуға қатысты.

Премьер-Министрдің айтуынша, үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасы, ең алдымен, мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемесін толық және уақытылы орындауға, сондай-ақ экономиканың сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Мұнайға деген ең төменгі бағаны ескере отырып, Ұлттық қорға кепілдендірілген трансферт мұнай секторынан түсетін түсімдер көлемінен аспайтын болады. Оған қоса бюджет шығыстарының өсуі инфляцияны ескере отырып, ұзақ мерзімді экономикалық өсудің орташа деңгейінен аспайды.

– Жалпы жан-жақты ойластырылған әрі теңгерімді бюджет жобасы қалыптастырылды. Ол бұрынғыдай әлеуметтік бюджет болып қала береді. 2024 жылы әлеуметтік салаға 9,9 трлн теңге көзделіп отыр, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы экономиканың нақты секторында өңдеу өнеркәсібін дамытуға, бизнесті қолдауға, көлік инфрақұрылымын дамытуға және газдандыруға басымдық берілетінін айтты.

– Жалпы аталған салаларға 2024 жылы 2,8 трлн теңге бөлу жоспарлануда. Біздің алдымызда тұрған маңызды міндет – бюджет қаражатын барынша тиімді пайдалану, – деді Үкімет басшысы.


Ұсынылған құжаттар бойынша дауыс беру рәсімінен кейін Әлихан Смайылов заң жобаларын және Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ҚР Парламентіне енгізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Үкімет отырысында Қазақстанның геология саласын одан әрі дамыту шаралары да қаралды.

2 БЕТТЕ

АТА ЗАҢЫМЫЗ —

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ




Ата заң — бейбітшілік пен ынтымаққа, еркіндік пен теңдікке апаратын даңғыл жол. Тоғыз бөлімнен тұратын Ата заңда еліміздің азаматтарына толық жағдай жасалған. Екінші бөлімнің 10-бабында «Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайтындығы» көрсетілген. Олардың өмір сүруіне, білім алуына, қызмет етуіне және зейнеткерлікке шығын демалуына барлық мүмкіндік жасалған.

Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы және құқықтық ел ретінде айқындайтын басты құжат — Конституция. Ата заң барлық құжаттың қайнар көзі, бастауы болып табылады. Бүкіл халықтық референдумда кен байтақ Қазақстан халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елмен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екенін танытты. Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының Ата заңы өмірге келді. Тоғызбөлімнен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата заңның алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — деп басталады. Бұл — мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі. Еліміздің Ата заңы — халқымыздың дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат.

Басы 1-бетте

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Азамат Бейсекөв республиканың минералдық-шикізат базасына қатты және кең таралған пайдалы қазбалар, көмірсутектер мен жер асты суларының кен орындары кіретінін айтты. Жалпы алғанда, мемлекеттік теңгерімде пайдалы қазбалардың 100-ден астам түрі бойынша 8 мыңнан аса кен орны есепке алынған.



Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу екі бағытта — жер қойнауын аймақтық зерттеу және іздеу-барлау бойынша жүргізіледі. Біріншісі бойынша, бүгінгі таңда Қазақстан аумағының 94,5%-ы екі жүз мыңдық масштабта геологиялық жете зерттеумен қамтылған. Екінші бағыт шеңберінде монокалалар маңында орналасқан қала құраушы кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 16 учаскеде іздеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Биылдан бастап Minerals.gov.kz ақпараттық платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта ол геологиялық ақпаратпен толықтырылуда: 40 мыңға жуық есеп жүктелді, жыл соңына дейін тағы 16

Басы 1-бетте

мың есеп күтіліп отыр. Геологиялық материалдарға ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушылардың бизнес-процестерін цифрландыру, сондай-ақ әлеуетті және жұмыс істеп тұрған инвесторлар үшін бірінші терезе қағидатын енгізу жоспарланған.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев көмірсутек шикізатын барлау саласындағы жүргізіліп

жүргізіліп отыр. Геологиялық материалдарға ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушылардың бизнес-процестерін цифрландыру, сондай-ақ әлеуетті және жұмыс істеп тұрған инвесторлар үшін бірінші терезе қағидатын енгізу жоспарланған.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев көмірсутек шикізатын барлау саласындағы жүргізіліп

жүргізіліп отыр. Геологиялық материалдарға ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушылардың бизнес-процестерін цифрландыру, сондай-ақ әлеуетті және жұмыс істеп тұрған инвесторлар үшін бірінші терезе қағидатын енгізу жоспарланған.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев көмірсутек шикізатын барлау саласындағы жүргізіліп

жүргізіліп отыр. Геологиялық материалдарға ашық қолжетімді болуын қамтамасыз ететін цифрлық ақпараттық онлайн-платформа іске қосылды. Онда өтімді беруден бастап, лицензия алуға дейінгі барлық рәсім көзделген.

— Қазір барлық кен орны тексерілуде. Өз міндет-темесін орындамайтын жер қойнауын пайдаланушы компаниялардан лицензиялар алынып, келісім-шарттар бұзылуда, — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен бірге ол металдардың жекелеген түрлері бойынша әлемдегі жетекші орындарға қарамастан, шикізат базасының айтарлықтай қысқарғанын атап өтті. Мысалы, хром, алюминий, мырыш, мыс, қорғасын қоры азайып барады. Жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге негіз болатын сирек және сирек жер металдарын барлау жұмыстары баяу қарқынмен жүріп жатыр.

— Біз әлі күнге дейін бірінші өтім принципі бойынша лицензия алған жасөспірімдер компанияларының жаңа бастамалары мен нақты жұмысын көріп отырғанымыз жоқ», — деп атап өтті Премьер-министр.

Үкімет басшысының пікірінше, жер қойнауын зерттеудің ғылыми базасы мен инфрақұрылымы барынша жаңартуды талап етеді. Инвесторларды одан әрі тартуға қажетті геологиялық ақпаратты цифрландыру жұмыстары да аяқталған жоқ. Білікті геологтар мен геодезист мамандар тапшы.

— 12 жыл ішінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 2 трлн теңгеден астам жеке инвестициялар салынды. Бірақ соған қарамастан, біз жаңа кен орындарын барлауға жұмсалатын салымдар бойынша артта қалып отырмыз. Аталған проблемаларды шешу үшін қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер қабылданды, — деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр ресурстық базаны ұлғайту, сирек кездесетін және сирек жер металдар негізінде жоғары технологиялық өнімдер өндірісін ұйымдастыру үшін Жол картасын әзірлеуді, 2 ай мерзімде заманауи технологиялық шешімдерді пайдалана отырып, газды кен орындарының тарихи деректеріне талдау жүргізуді, жыл соңына дейін ғылыми база мен инфрақұрылымға талдауды тапсырды.

Қорытындылай келе, Әлихан Смайылов жыл соңына дейін тарихи деректердің барлық түрін жан-жақты талдау және онлайн-платформаны барынша толықтыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ өз міндетін орындамайтын жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты шаралар қабылдай отырып, барлық кен орнын тексеруді аяқтау қажеттігін атап өтті.

А.АҚЫЛБЕК

САЛТАНАТ

А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Конституциясы күніне орай салтанатты шара өтті. Жиынға қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев қатысып, қала халқын тұғырлы мерекемен құттықтады.

Мәңгілік елдің берік тұғыры

— Сіздерді тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекенің бірі — кешегі «Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы», «Жеті жарғылардан» тамыр тартқан Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы жылғы мерекенің орны ерекше, себебі баршаңызға белгілі елімізде өткен жылы жалпы халықтық референдум болып, референдум арқылы ата заңымыздың 98 бабының 33-не, яғни Конституцияның үштен біріне өзгеріс енгізілді.

Бұл өзгерістер байтақ еліміздің зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет ретіндегі базалық негізін қалап, болашаққа батыл кадам жасауына арқау болды. Конституция — әлеуетті міндеттер мен алдағы табыстарды иеленудің алтын кілті. Конституция күні құтты болсын! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын, — деді ол.

Мұнан соң қалалық мәслихат хатшысы И. Құттықожаев бірқатар мемлекеттік қызметшілер мен түрлі сала өкілдеріне Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты шара жергілікті өнер шеберлерінің мерекелік концертіне ұласты.

Ғайһап АСҚАРҚЫЗЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Биыл қаламыздың жол-инфрақұрылымын дамытуда жаяу жүргіншілер жолын салумен жалғасты. Яғни жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жаяу жүргінші жолы құрылысы мен көше бойындағы жұмыстар қолға алынған.

ІЛКІМДІ ІСТЕР ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ ҮШІН



Қалада жалпы ұзындығы 259 шақырымды құрайтын 102 көшеде жаяу жүргіншілер жолы бар. Оның 19 көшесінің бойына жаяу жүргіншілер жолының құрылыс жұмыстары жасалуда. Бүгінде бұл жұмыстардың 70 пайызы аяқталған.

Аталған жұмыстар бойынша Уәлиханов, Әбілқайыр хан, Бөкейхан, Көшербаев, Қойсары батыр, Ынтымақ, Тоқтыбаев, Демесінов, Отырар, Тараз, Әбдірахманов, Жас Алаш, Жетісу, Рысқұлов, Жанкент көшелері және №136, 9 мектеп жанындағы көшелерді, Астана даңғылы мен Ақтөбе-3 тұйығы жаяу жүргіншілер жолымен қамтылды.



Сонымен қатар қала әкімі Әбілқайыр хан көшесіндегі жылу жүйелеріне жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Бұған дейін Әбілқайыр хан көшесіндегі жылу құбырларының тозығы жеткен еді. Сондықтан жылу жүйесін толығымен жаңалату үшін республикалық бюджеттен 617 млн теңге бөлінген. Сондай-ақ шаһар басшысы тиісті сала маманына жұмыстардың сапалы түрде жүргізілуін ескертті.

Одан бөлек жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылар мен қала тұрғындарының мектепке қатынауы үшін қоғамдық көліктің жүруіне қолайлы жағдай жасау керектігін айтты. Ол үшін жолдың бір бағытын 31 тамызға дейін толық аяқтап, жолдың ашылуын тапсырды.

Мұнан соң қаланың тазалығын сақтау үшін, арнайы акция өткізілді. Оған барлық мекеменің қызметкерлері қатысты. Оның ішінде сенбілікке 169 мекемеден 1810 қызметкер және 15 арнайы коқыс жинайтын техника жұмылдырылып, 21 көше және белкөл трассасы, аспалы көпіраумағы, әуежай бағыты тазартылды. Нәтижесінде орталық полигонға 500 м3, яғни 150 тонна коқыс шығарылған. Сондықтан қаланың тазалығын сақтау үшін тұрғындарды сенбілік жұмыстарына атсалысып, өз үйлерінің ауаларына және көше бойларына тазалық шараларын жүргізгені абзал.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау — баршамызға ортақ іс.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ЖУРНАЛИСТІ ДЕ ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ КЕРЕК

Шындығында, ақпарат кеңістігінде қоғамда болып жатқан саяси реформалар, елдің мүддесін шешетін басты мәселелер бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланып, содан соң ғана шешімін тапты. Халық пен билік арасындағы өзекті мәселелердің дәнекері яғни қарапайым халықтың мұң-мұқтажын лауазым иелеріне «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай» жеткізетін қаламы қарымды журналистер екені жасырын емес. Күні кеше халықтың басынан өткен пандемия кезінде де қалам ұстағандар тәулік бойы төтенше келген зауалдан елді қорғау мақсатында ұдайы ақпарат таратып, өз міндеттерін қалтқысыз атқарды. Олар өз бастарын бәйгеге тігіп, ауруханаларға барып, науқастардың ортасынан тікелей эфир жүргізді. Қандай қиын жағдай болса да халықтың жанашыры болып, қасынан табылатын кәсіп иелерінің мәртебесі туралы заң қабылданғалы жатыр. Бұл әрине журналистердің заң алдындағы құқығын қорғап, қоғамдағы орнын өз дәрежесінде белгілеп берді деп сенеміз.

Мәжілісте өткен «Масс-медиа туралы» заң жобасының призмасы арқылы медиа саласының даму тенденциялары туралы басқосуда Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Қанат Ысқақов жаңа заң жобасын таныстырды.

Оның айтуынша, соңғы құжат 1997 жылы қабылданған. Осы уақытқа дейін ол құжатқа 40-тан астам өзгеріс пен түзету енгізілген. Енді министрлік жаңа заң жобасын әзірледі. Ол заң жобасы ашық түрде талқыланып, әзірленгенін айтты. Жаңа заңда ең алдымен журналистің мәртебесін көтеру ескерілген. Яғни отандық

Басы 1-бетте

БАҚ саласының мәртебесін, абыройын көтеру – басты бағыттың бірі. Шектеу мерзімін белгілеу – маңызды норма. Себебі қазіргі таңда шектеу мерзімі туралы норма жоқ. Бұрын 10 жылдан кейін, 20 жылдан кейін немесе 30 жылдан кейін кейбір азаматымыздың БАҚ өкілдерін сотқа беру құқықтары бар болатын. Бұл



норма енді 3 жылға дейін шектеледі, – деді Қанат Ысқақов. Оның айтуынша, бұл мәселе қазір БАҚ өкілдерінің жұмысына кедергі келтіріп жүр. Егер осы норманы қабылдасақ, бұл отандық БАҚ саласының дамуына серпін береді. Екінші норма – БАҚ өтінішін қарау мерзімін 7 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне дейін қысқарту. Бұл ереже журналистерге қажетті ақпаратты қысқа мерзім ішінде алуға көмектеседі. Ұлттық баяндама журналистердің құқықтарының сақталу мониторингі, талдау мәліметтері, журналистердің жұмысын қауіпсіз істеуі, ақпаратты еркін алу және тарату бойынша

ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді, – деді вице-министр.

Вице-министр баспасөз картасына қатысты норманы да түсіндірген. «Баспасөз картасы журналистердің ақпарат алуына, ақпарат таратуына ешқандай кедергі келтірмейді. Ол – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің жұмысын жақсартуға бағытталған құжат. Бұл міндетті

телеарналары, радио құралдары болуы біз үшін өте үлкен мәселе. Сол себепті осы мәселені субсидиялауды енгіздік, – деді вице-министр. Оның сөзінше, министрлік әзірлеген заң – отандық БАҚ құралдары өкілдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған құжат. Қалай десек те медиа туралы жаңа заң журналистердің мәртебесін көтеріп, олардың қоғамдағы орнын айшықтап береді деп үміттенеміз. Әйтсе де жаңа заң журналистерді барынша қолдаса, әрі қорғаса деген тілегіміз де бар.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

АУЫЛҒА ЖАСАЛҒАН ТАРТУ



Конституция күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округі Ж.Махамбетов ауылдағы жаңа спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Еңселі ғимарат «Самұрық-Қазына» қорының 15 жылдығы тұсында ауыл тұрғындарына тарту етілді.

Іс-шараға «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов қатысты. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарына жаңа спорт кешенінің ашылуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аймағымызда спорт саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Ел Президентінің бастамасымен өткізілген «Балалар жылында» демеушілер 1 млрд 600 млн теңгенің 80 спорт-ойын алаңын балдырғандарға тарту етті. Соның 50-і Қызылорда қаласында орнатылды. Демеушілер бұл жұмыстарды биыл да жалғастырды. Үкімет қолдауымен аймақта

Мұнда қажетті спорттық құрал-жабдықтар бар, спорт секциялары мен алаңдарда мектеп оқушыларынан бөлек тұрғындар да жаттыға алады. Өскелең ұрпақтың денсаулығы біздің балаларға жасайтын қамқорлығымызға тікелей байланысты. Әрбір жоба арқылы біз олардың болашағына керекті сапалы білім берумен қатар, әлеуметтік ахуалын жақсартамыз. Осы спорт кешенінен чемпиондар өсіп шықсын деген ақ ниеттеміз!», – деді қордың басқарма төрағасы.

Мерекелік іс-шарада ауыл ақсақалы Қыпшақ Рүстембеков ел ағалары атынан бата берді.



спорт құрылымдарын дамыту үшін ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бүгінде облыста 11 спорт кешенінің құрылысы қарқын алды. Оның ішінде, Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылдық округінде салынууда, – деді аймақ басшысы.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов құттықтау сөзінде қызылордалық спортшылардың алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына тілектестік білдірді.

– Өңірлердегі қайырымдылық жобаларын қолдау – «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметіндегі басым бағыт. Ж.Махамбетов ауылында көпсалалы спорт кешенін салу өзіміз бастама танытқан жоба екенін атап өткім келеді.

Аумағы 1504 шаршы метрлік жаңа спорт кешені салауатты өмір салты секцияларын ұйымдастыруға және спорттық шараларды өткізуге арналған. Мұнда волейбол, шағын футбол, баскетбол алаңдары жабдықталған, теннис корты, күрес алаңы, екі жолақты жүгіру жолы бар. Бұл – «Самұрық-Қазына» АҚ демеушілігімен салынып, биыл пайдалануға берілетін еліміздегі 5 кешеннің алғашқысы.

Еске салсақ, күні кеше мереке қарсаңында Шіелі ауданында тұрғындарға жаңа тұрғын үй кәлттері табысталып, дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

А.БЕК

ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАРЫЗ



Мұхтар Әуезов әр іске ниет, күш, содан соң тәртіп керек десе, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас нген құл болмайды» деген сөзі бар. Осы бір сөз әрбір азаматтың жүрегіне ұялау керек. Сонда ғана біздің мақсат-мұратымыз биіктей түседі, егеменді елдің мәртебесі көтеріле беретіні ақиқат. Бүгінгі әңгімеде Қазақстан Республикасы ішкі істер саласының еңбек ардагері, полковник, Қызылорда қаласының нотариусы Уәлихан Құлмаханбетұлы заңдылықты құрметтеу, нотариус қызметінің сан-алуан қызметі жайында ой орбітін, сыр ағытты.

– Уәлихан Құлмаханбетұлы, алдымен еңбек жолыңыздан әңгіме козғасаңыз...
– Мен 1952 жылы Шымкент облысының Келес ауданында дүниеге

келдім, отбасындағы 12 перзенттің үлкенімін. 1974 жылы Шымкент химия технология институтын бітірдім. Алғашқы еңбек жолым Түркістандағы Байрам Әли қаласында басталды. Қарапайым шеберден бас технологияға дейін көтерілдім. Керамикалық құбыр зауытының сан-алуан жұмысында шындалу мектебінен өттім десем, артық болмас.

Туған жер ыстық қой. 1979 жылы елге оралып, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде аға инспекторлық қызметіне тұрдым. Бұл қызметті 1984 жылға дейін атқардым.

– Уәлихан мырза, біраз еңбек жолыңнан өткен екенсіз. Соңғы еңбек жолыңызды жалғастыра беріңіз...

– Бір кездері Тартоғайда қыш зауыты болған. Сол зауыт 1984 жылы облыстық ішкі істер басқармасының қарамағына көшіріліп, еңбек колониясының құзырына берілді. Осы колонияға қарасты қыш зауытына директорлыққа ұсынылдым. Зауыт жылына 10 млн қыш шығарса, кейін бұл көрсеткіш 11 миллионға көтерілді. Көп ұзамай зауыт шығынсыз өнім өндіруге көшірілді. Еңбек адамдарының жалақысы артты. Тартоғайдағы колонияда 20 жыл еңбек еттім. Содан соң облыстағы еңбек түзеу мекемесінің бастығы, облыстық адвокаттар коллегиясының мүшесі болдым. Қысқасы, қатардағы жауынгерден полковникке, жұмысшыдан директорлық лауазымды атқарған уақыттарым маған ыстық көрінеді.

Қазір көп жылдан бері Қызылорда қаласында жеке нотариус ашып, қазір соның жетекшісімін.

– Нотариус қызметінің қыр-сырында менгерген боларсыз?..

– Нотариус – латын сөзі, көшірмеші, хатшы деген ұғымды білдіреді. Түрліше заңды әрекеттер мен құжаттарды куәландыруға уәкілдігі бар қызмет бабындағы маман деген мағына білдіреді. Мұрагерлерді рәсімдеу, заң тәртібін нығайту, шарттар мен мекемелерді куәландыру, даусыз істерге орындау қағазын жазу жүктелген. Мыңдаған істер жүргізіп, азаматтар мен мекеме ұйымдарға заңды көмек көрсету міндеті жүктелген ұшан-теңіз қызмет түрлері жүктелген тұлға десек қателеспейміз.

– Нотариус қызметінің қыр-сыры жайында біраз әңгіме козғалыңыз, қаныққандай болды. Отбасыңыз туралы әңгіме айтпадыңыз ғой...

– Отбасы – бірліктің басы. Әр адамның шаңырағынан береке отбасынан басталады. Зайыбым Дәмеш Бекішқызымен тату-тәтті өмір сүріп, ұл-қыз, немере сүйөмімін. Қызым Мәскеуде дәрігер, Самал – милиция майоры, Олжас – қаржыгер.

– Еңбегіңіздің жемісі ретінде талай марапатқа ие болған боларсыз?..

– Дұрыс еске салдыңыз. Көп жыл облыстық адвокаттар алқасында еңбек етіп, 2008 жылдан бері жеке нотариус ашып, қызмет көрсетемін. Заңгер, милиция полковнигімін. Ішкі істер органына қызмет сіңірген ардагер медалінің иегерімін. Алғыс, мақтау қағаздарым бар.

– Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі

ЖОБА

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесі бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңының 17-2-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Шаменов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «__» тамыздағы №__ қаулысына қосымша

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесі

1. Қызылорда қаласы, Қазыбек би және Қазантаев көшелерінің қиылысы;
2. Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №4/ Мечта сауда орталығының алды/;
3. Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №40 /бұрынғы Универсам сауда орталығының маңы/;
4. Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі бойындағы №24 үйдің қасы.
5. Қызылорда қаласы, «Смол» сауда үйінің аумағы.

ПРОЕКТ

«Об утверждении перечня специально отведенных мест для размещения афиш культурных, спортивных и спортивно-массовых мероприятий»

В соответствии с подпунктом 1-1) пункта 1 статьи 17-2 Закона Республики Казахстан «О рекламе», статьей 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемый Перечень специально отведенных мест для размещения афиш культурных, спортивных и спортивно-массовых мероприятий.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким города

А. Шаменов

Утвержден постановлением акимата города Кызылорда от «__» августа 2023 года №__

Перечень специально отведенных мест для размещения афиш культурных, спортивных и спортивно-массовых мероприятий

1. Город Кызылорда, пересечение улиц Казыбек би и Казантаева;
2. Город Кызылорда, улица Айтеке би №4 /перед торговым центром Мечта/;
3. Город Кызылорда, проспект Абая № 40 /возле бывшего торгового центра Универсам/;
4. Город Кызылорда, улица Желтоқсан рядом с домом №24.
5. Город Кызылорда, территория торгового дома «Смол».

ЕҢБЕК АДАМЫ



Қазына апай дегенде менің ойыма көк қасқаны тізгіндеген қайсар қыз елестейтін. Осы кісінің өмір жолы көпке үлгі. Кенес дәуірінде бірлі жарым болмаса, нәзік жандардың көпшілігі бұл мамандыққа бара қоймайтын. Оның бейнетінен бір қорықса, екіншіден машина, трактор жүргізу ел түсінігінде қыз балаға қол емес, ол ер адамның шаруасы дейтін. Алайда сол түсінікті бұзып-жарып, көлік руліне жалындап тұрған жас қыз Қазына отырғанда көпшілік оны қолай көрмей, ертең бейнетінен қашып, әлі келмегені өзін-ақ тастап қашады деген қаңқу сөз ел арасында айтылғаны өтірік емес. Бірақ өр мінезі, бейнетке жақыдығы, табандылығы, намысын бермейтін жеттігі жас қызды биікке жетелей берді. Осылайша ол сол кездегі Жалағаш аудандық «Жанадария» газетінің 1-ші бетіне үнемі жарияланып, өзіне үміт артқан ата-ананың да, қалың көпшіліктің де сенімін ақтап, тек облыс көлеміне емес, одаққа аты шыға бастады.

Штурвалда — Қазына Өзденбаева!



Сол кезде атағы жер жарған Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөңтаеваның үндеуіне өзінің еселе еңбегімен үн қосты. Көкқасқаның түрліне өзінің әдемі қоңыр дауысын үндестіріп, рудде отырып ән де шырады. Шынында, шығармашылық жаны жақын, жүрегі нәзік, сыршыл арудың қос тіркемесі бар ЗИЛ-130 автокөлігін айдағаны айта адам сенгісіз жағдай. Машинаның бөлшектерін бұрап, алаканы еңбекпен ысталған талдырмаш қыздың қазақтың кара домбырасын нақышына келтіріп тартып, термені құйқылжыта орындағанын көргенде Құдайдың шеберлігіне таңдай қағасың. Өйткені бір пендесінің бойына мұнда талантты үйіп бергенін көріп, құдіретті күшке бас иесің. Өмір дерегіне зер салсақ, ол көлік, трактор жүргізуші, ұстаз, айтыскер ақын, журналист сынды белестерден өткен. Өтіп қана қоймай, сол саланың үздігі болған. 20 жасында Қостанайға бидай жинауға аттанған 2699 ер кісінің қатарында Қазына апайымыз да болып, 2 ай бидай тасыған.

Осындай ұлағатты өмір иесі Қазына Мералықызы Өзденбаева 1954 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1971 жылы №202-ші қазақ орта мектебін бітірген. Мектеп бітірісімен 1971-1981 жылдар аралығында Жалағаш автотранспорт кәсіпорнында қос тіркемемен ЗИЛ-130 ауыр автокөлігін жүргізген. 1981-1984 жылдары Ақсу совхозында К-700 тракторы мен «Енисей» комбайнының штурвалына отырған. 1984-1985 жылдары Ақсу кеңшарының әкімі болып қызмет атқарған. 1988-1993 жылдар аралығында Тасбөгет кентіндегі №11 қазақ орта мектебінде директорының орынбасары қызметін атқарған. 1993-2003 жылдары аудандық С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде жас жыраулар мен айтыскер ақындар тәрбиелейтін жетекші ұстаз болған. Бір қызығы, әр саланың қазанында кайнаған Қазына Өзденбаева 2003-

2012 жылдар аралығында облыстық «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт ақшамы» газеттерінде сатира бетін жүргізген. Кейін зейнетке шыққанша республикалық «Сыр айнасы» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Осы жылдар аралығында үш рет облыстық кеңестің депутаты, облыстық партия комитетінің пленум мүшесі болған. Өмірінің жалындап тұрған жас шағында 25 жыл КПСС мүшесі болған.

Біз білетін Қазына өнер әлеміндегі қолтаңбасымен де халықтың ерекше ықпалына бөленді. Айтыскер, әнші, термеші, бүкілодақтық байқаудың лауреаты және дипломанты деген құрметті атақты иеленді. Бірнеше өлеңіне танымал сазгер, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Сәбит Лұқпанұлы, «Дарын» сыйлығының иегері Күнсулу Түрікпен, Сәкен Шынымов, Мәлік Пірмаханов, Алғелді Траров ән жазды. Еңбек жолын машина кабинасына отырып, еңбек студент бастаған өндірдей жас қыз проза, поэзия, сатира, пародия секілді төрт жанға қалам тартты. Сан саланың сырын ұққан, барған жерінің бағын жандыратын ерекше болмысымен жұртты баурап алатын апамыз бұл күнде жетпіске қадам басқан байыпты қаламгер, ақын-сатирик, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, бірнеше кітаптың авторы, халықаралық айтыскерлер мен жыршы термешілер одағының мүшесі, «Қызылорда облысының таңдаулы транспорт жүргізушісі», «Қазақстан Республикасының үздік автокөлігіші» төсбелгісінің иегері.

Досқа адал бейнесімен өзінің «Алып ұшқан көңіл-ай» атты жыр кітабында өзіне қалам ұстатып, журналистікке баулыған асқар тау азамат Әділхан Бәйменнің рухына арналған қолтаңба бар. Онда «Осы кітабымды журналистік жолыма сәттілік тілеп, шын жүрегімен қолдаған өзімнің бірінші редакторым және ұстазым болған марқұм Әділхан Айтмағамбетұлы Бәйменнің рухына

арнаймын» делінген ыстық ілтипат бар. Талант иесінің «Көңіл әйнегі», «Сүйсіз ақшамы» газеттерінде сатира бетін жүргізген. Кейін зейнетке шыққанша республикалық «Сыр айнасы» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Осы жылдар аралығында үш рет облыстық кеңестің депутаты, облыстық партия комитетінің пленум мүшесі болған. Өмірінің жалындап тұрған жас шағында 25 жыл КПСС мүшесі болған.

Таланты сан қырынан өрнектелген ерекше өнер иесінің еңбегі еленбей калған жоқ. Халқының алғысына бөленген Қазына Өзденбаева «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Тыңға 50 – жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Автотранспорт саласына – 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Өзі туып өскен Жалағаш ауданының құрметті азаматы.

Өлең өлкесінде әсем жырларымен халықты сусындатып келе жатқан Қазына Мералықызы зейнетке шықса да айтыс аламында шаршы топқа түсіп, қаншама рет бәйгеге шауып, жүлделер атанып жүр. Жуырда ғана Шиели ауданында Социалистік Еңбек Ері Жадыра Таспамбетованың 70 жылдығына орай ұйымдастырылған ретро айтысқа қатысып, арқалы ақын Кеңебай Жүсіповпен айтысып, өз өнерімен қалың көпшілікті тәнті етті.

Емесің журналист те, филолог та, Әзірге сала алмадым жыраға нұқта, Кетер ме ем пенделіктің жетегінде, Өргенің айналмасам өлең шоққа. Өлеңнің өлмес өлең кешенінде, Өзенін асыл жырдың кешемін бе? Жүректі жарып шығар бұршік атып, Өміршең ақын гүлі өседі ме? Желегің жайған бүтін қарағаймын, Біреудің байлығына қарамаймын. Өсірген адал аппақ еңбегіммен, Гүл бағын жан жырымның аралаймын.

Жан жырының гүл бағын аралап халқының батасымен бағы жанған, өнерімен төрден орын алған Сыр бойының даңқын асырған Қазына апамыздың жыр қазынасы таусылмасын, өлеңмен өрілген өмірі ұлағатқа толсын деген тілегіміз бар.

Гауһар
ҚОЖАХМЕТОВА

Абай күйші болған ба?

Абай атамның күйші болғанын тіптен кейбір домбырашылардың өздері білмей қалып жатады. Мұның бірнеше себебі бар:

Біріншіден, ол күйлерді жазып алып қалғандардың көзі қалмады.

Екіншіден, оларды насихаттаушылар жоқтың қасы.

Үшіншіден, зерттеушілердің назарынан тыс қалған.

Осы ретте Абай әндерінің зерттеуін шолып шығатын болсақ, ұлы ақынның ән мұрасы кенес кезеңінде жинала басталған. Бұған негіз салған XX ғасырдың басында А.Бимбоэ пен А.В.Затаевич болды. Кейін бұл істі қолға алып, А.Жұбанов, Л.Хамиди, Б.Ерзакович, Е.Брусиловский жалғастырды. Бүгінде жиналған Абай әндерінің музыкалану саласында тарихи-теориялық, музыкалық-эстетикалық аспектілері тұрғысынан игерілгені аңғарылады. Олардың арасында қазақ музыка зерттеушілерінің арнайы жазылған еңбектері де бар. Атап айтатын болсақ, академик А.Жұбановтың, аға буын музыкаланушылар Г.Шомбалова, Б.Гизатов, Г.Бисенова, М.Ахметова, Б.Ерзакович, В.Дернованың және т.б. зерттеулері бүгінгі күнге дейін өзекті.

Абай әндерінің болмысын зерделей келе Ахмет Жұбанов: «Өзінің табиғаты, рухы жағынан Абай әндері ұлттық сипатта, қазақ халық музыкасының дәстүрінде шығарылған. Орыс әндерінің және демократиялық, тұрмыстық романстарының кейбір белгілері мен элементтері қолдану арқылы Абай қазақтың музыкалық «сөздігін» кеңейтіп, байытты», – деген екен. Бұл ретте күйдің шарықтау шегі бөлімінде орыс халқының интонациялық элементтері ұшырасатыны аңғарылады. Мұнда кездесетін пунктир (нүктелі) ырғағы ағартушының «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы»,

«Татьяна сөзі» әндерінің ырғағында көрініс тапқан. Шығарма жазғы жайлаудағы түнгі көріністі, сауық-сайранды елестету арқылы ой тербейді», – деп жазады.

Ал Н.Назарбаев атындағы университеттің профессоры Гүлгас Сайынқызы: Абайдың шығарған күйі төрттен де көп деп ойлаймын, тек насихаттаушы болмады», – дейді.

«Абай өзі толық адам дәрежесіне жеткен адам. Толық адам деген сөз «ақыл, қайрат, жүректі бірге ұстаған» дейміз ғой. Оған қоса алған білімі, тәрбиесі және іргетасы имандылықпен қалған Абай өсе келе әлемдік мәдениетпен, әлемдік әдебиетпен сусындады. Яғни ол орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын ғана емес, сонымен қатар ол сол кездегі батыс, шығыс әндерін де қатты тыңдап, содан әсер алған адам. Оны енді көп ғалым жазбайды. Егер олай болмаған күнде «Абай жолында» да айтып кетеді. Абай Қарқаралыға барғанда керемет әндер үйреніп келеді. Сол әндерді елге келіп таратады. Сонда сол жердегі сол эмоцияның өзінен Абайдың ән-күйге жүрегінің ашық екенін көреміз. Және егер «Татьянаның әні» тыңдасаңыз, сол әнде әлемдік деңгейдегі мелодия бар ғой», – дейді ол «tengrinews.kz» сайтына берген сұхбатында.

Қорытындылай келе қазақтың ұлы тұлғаларының шығармашылығында дәстүрлі музыка жанрларының бір-бірімен байланыста дамығаны байқалады. Дегенмен халықтың санасында шығармашылық мұраның жетекші бағыты басым болып келеді. Абай әндерін айтпайтын қазақ жоқ десек, ал күйлерін көпшілік түгіл мамандар да ескермей, елемей келеді. Түйіндей келгенде, Абай күйлерін орындаушылық, оқытушылық және зерттеушілік бағыттарда қолға алатын кез келген сияқты. Абайдың музыкалық әлемі әлі де үлкен ізденістер мен жан-жақты зерттеулерді қажет етеді.

Басы 1-бетте

Зайнидин ЕДІЛҰЛЫ

Сыр елінің құнды жәдігері қайта жаңғырды

Жуырда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі ынтымақтастық байланыстар аясында Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы музейде «Жаңғырған жәдігерлер» атты көрме өтті. Онда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде пайдаланған, қазіргі таңда сирек кездесетін, ұмыт болып бара жатқан құнды жәдігерлер көрсетілген.

«Жаңғырған жәдігерлер» көрмесін ҚР Қарулы күштері ардагерлері Шымкент қалалық филиалының төрағасы Серікбай Оңбаев ак тілегімен аша, Түркістан

жердің маңызын, ұрпаққа берер мол тәрбиесін айтып, жылы лебізін білдірген. Сонымен қатар көрменің ашылу салтанатында Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония



облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Баян Айтымбет жаңғырту жұмыстарына байланысты озық тәжірибеге оң баға беріп, көрме жұмыстарына сәттілік тілеген. Шымкент қаласындағы Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының директоры Бахтияр Спанов жаңғырған жәдігер-

әңшілерінің орындауында дәстүрлі әндер орындалған.

Музейдегі құнды жәдігерлерді қайта қалпына келтіру мен жаңғырту жұмыстары «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімі қызметкерлерінің бастамасымен, музей директоры Сапар Көзібаявтың қол-

дауымен жүзеге асқан. Оның ішінде қазақтың музыкалық аспаптары – аша домбыра мен археологиялық қоссаз домбыра және қазақтың қуыршақ өнерінің бастауында тұрған ортеке жасалған. Одан бөлек қазақтың ұлттық ойыны – жамбы ату атрибуттары мен тоғызқұмалақтың реконструкциялап, малшылар пайдаланған бұйымдарды да қалпын келтірген. Ислам діні бойынша екі жастың некесін қиюға пайдаланған неке кесесі, тазалық бұйымы – шашқап, Сыр өңіріне тән күміс әшекей бұйымдар мен әулие-әмбелердің және ахун-ишандардың тұтыған мөр көшірмелері т.б. құнды жәдігерлер реконструкцияланып, қайта жасалған.

Қайта жаңғырған жәдігерлер топтамасы қазақ халқының тұрмысы мен кәсібі және колөнерінен сыр шертеді. Көрмеге қойылған бұйымдар XVIII-XIX ғасырлардан тін тартқан. Бұл төл тарихымызбен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.


Қасиетті Сыр бойында зерделі зергерлер, қолы алтын ұсталар, өз ісінің шеберлері көп болған. Бүгінде көрмеге қойылған жаңғыртпа жәдігерлер ҚР Колөнершілер одағының мүшесі Бекзат Жақыповтың қолынан шыққан. Ол Сыр елінің тумасы, елге белгілі ұста-шебер.

Көрменің басты мақсаты – қала қонақтары мен тұрғындарына Сыр қазақтың тарихи-тіршілігін, шаруашылығын, салт-дәстүріндегі ерекшеліктерін, колөнері мен көшпелі және отырықшы шаруашылығын насихаттау арқылы әр қолданылған жәдігердің құнды екенін көрсету.

НАЛТЫН



Меншік иесі:



жауапкершілігі
штегулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 Тапсырыс №1356

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА